

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 107 қаулысы. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 мамырда № 9-6-112 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 "Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысына және Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 130 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3714 тіркелген) қаулысына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында шақыру күніне дейін он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған, оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа келмеген және шақыру бойынша әскери қызметке белгіленген мерзімін өтемеген азаматтардың мерзімдік әскери қызметке кезекті шақырылуы ұйымдастырылсын және жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

2. Село, ауыл және ауылдық округ әкімдеріне аудандық шақыру және медициналық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыруына барынша ықпал жасауды қамтамасыз етсін:

1) әскерге шақырылғандарды шақыру жүргізілетіні туралы уақытында хабарландыруды ұйымдастыру;

2) әскери қызметті өтеу үшін жіберілетін әскерге шақырылғандарды салтанатты шығарып салу жөніндегі шаралар ұйымдастырсын.

3. "Қостанай облысының Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыру кезеңіне келісім-шарт негізінде әскерге шақырушылардың жеке істерін рәсімдеу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен екі техникалық қызметкер бөлсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі Істер Департаменті Аманкелді ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) өз құзыреті шегінде жедел әскери қызметке шақырудан қашқандарды іздеу мен ұстауды атқарсын;

2) шақыру пунктында әскерге шақырылғандар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырсын;

3) әскерге шақырылғандарды Қостанай қаласының жиналу пунктіне аттандырғанда әскерге шақырылғандардың автобустарына ілесіп шығарып салуды ұйымдастырсын.

5. "Аманкелді ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әскерге шақыруды ұйымдастыру және өткізу бойынша шараларды "Қостанай облысының Аманкелді ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесін қаржыландырудың жоспарында көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Хайруллинге жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы сәуірде шыққанынан бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

А м а н к е л д і

ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

С. Ахметов

"Аманкелді ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ А. Тлегенов

"Аманкелді ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің б а с т ы ғ ы

_____ М. Сыздықов

"Қостанай облысы Денсаулық
сақтау басқармасы "Аманкелді
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының

_____ Р. Есмағанбетов

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Қостанай
облысы бойынша Департаменті Аманкелді
ауданы бойынша мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ А. Оспанбек

Аманкелді ауданы әкімдігінің
30 сәуірдегі 2010 жылғы № 107
қаулысымен бекітілген қосымша

**Аманкелді аудандық әскерге шақыру
комиссиясының құрамы**

Тлегенов Арман Сапабекұлы - "Аманкелді аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы, комиссия
төрағасы (келісім бойынша)

Хамитов Ғафур Фаридұлы - "Аманкелді ауданы әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесі
ұйымдастыру-бақылау және кадрлармен
жұмыс бөлімінің бас маманы, төрағаның
орынбасары

Мүшелері:

Искаков Ринат Рафхатович - "Аманкелді ауданының ішкі істер
бөлімі" мемлекеттік мекемесі
бастығының орынбасары, мүшесі
(келісім бойынша)

Койшығұлов Қанат Молдашұлы - дәрігер-фтизиатр, медициналық
комиссияның төрағасы (келісім
бойынша)

Ержанова Гуля Төлегенқызы - медбике, комиссия хатшысы (келісім
бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК